

1. Право Европейского Союза: учебное пособие/под ред. С.Ю. Кашкина. – М.: Изд-во «Проспект», 2011. – С.236-244.

2. Сафонова Ю.А. Энергетическая политика Европейского союза и национальные интересы России// «Стратегии России в историческом и мировом пространствах». Материалы Всероссийской научной конференции. – М., 5.06.2009. [Электронный ресурс]. URL: <http://www.rusrand.ru/naukadoklad/safonova.pdf> (17.03.2011)

3. Зуев В.Н. Формирование энергетической политики ЕС//[Электронный ресурс]. URL: http://www.iori.hse.ru/es/materials/shaping_energy_politicians.pdf (Дата обращения: 17.03.2011)

* * *

Данная статья посвящена правовым основам энергетической политики Европейского Союза. В статье автор рассматривает ЕС как мирового лидера в сфере развития поиска и использования возобновляемой энергетики; анализирует компетенции Европейской Комиссии в области энергетики.

* * *

This article devoted to main legal energy policy formation of the European Union. In the article the author considers the EU as a world leader in the field of renewable energy and analyzes competency of the European Commission in the field of energy.

Ә. Т. Мінбар

АДАМНЫҢ САЯСИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Саяси құқықтар мен бостандықтар азаматтың субъективті құқықтары мен бостандықтарының маңызды категориясы болып табылады. Оларды адамға мемлекеттің қоғамдық саяси өміріне қатысуға (жеке және ұжымдық) және мемлекеттік билікті жүзеге асыруға заңмен және халықтық билікпен берілетін мүмкіндік ретінде қарастыруға болады. Азаматтардың саяси құқықтары - өзге құқықтардың әрекет етуінің міндетті талабы, себебі олар демократияның органи-калық негізін құрап, билік сүйене алатын және өзін шектейтін құндылықтар болып табылады [1].

Азаматтық құқықтар мен бостандықтар - мемлекеттің құқықтық табиғатын анықтайтын, билікті бақылау құралы, демократиялық режимнің сындық факторы ретінде цивилизациялық қоғамның ажырамас құралы. Құқықтық әдебиеттерде саяси құқықтар мен бостандықтар бірнеше түрге бөлінеді.

1) тікелей және өкілдік демократияның түрлі формалары арқылы (сайлау құқығы, петиция құқығы) мемлекеттің және оның органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінде қатысу құқықтары;

2) қоғамның өміріне белсенді қатысу құқығы (сөз бен басылым еркіндігі, жиналыс пен манифестация еркіндігі, бірігу құқығы).

Жеке құқықтарға қарағанда саяси құқықтар мен бостандықтар адамның автономиясын емес, оның саяси процестің белсенді қатысушысы ретінде қамтамасыз етеді. Бұл құқықтар тобы-

ның құндылығы олардың мемлекет, азамат және қоғам арасында байланыстарды нығайту үшін мүмкіндіктер жасауында. Саяси бостандық мазмұны бойынша, жеке бостандықтың бір бөлігі болып саналады, себебі саяси еркіндікке ие адам саяси процестің еркін және жеке қатысушысы болуға құқылы [2].

Саяси құқықтар тек қана азаматтармен танылады, яғни саяси құқықтарға ие болу нақты мемлекеттің азаматтылығымен байланысты болады. Адам құқықтарына қарағанда азамат құқықтары индивид пен мемлекет арасындағы қатынастар саласын біріктіреді. Тоталитарлы мемлекеттердің басты айырмашылығы саяси құқықтар мен бостандықтарды шектеуге, тіпті толық жоюға ұмтылуы да босқа емес. Тоталитарлық режим адамның саяси бостандығын неғұрлым көп шектеп, демократиялық бақылау түрінен босатылған сайын, соғұрлым мемлекеттің толық билігі мен азаматты шынайы саяси биліктен алыстатуға бағытталған күштеу шаралары орын алады.

Буржуаздық конституционализмде басталған саяси құқықтар мен бостандықтар, кейіннен конституциялық құқықтық мәртебеге ие болып, ұлттық және халықаралық құқықтың маңызды институты ретінде қалыптасты. Адам құқықтары жөнінде қазіргі көптеген аймақтық және әмбебап сипаттағы халықаралық құқықтық құжаттар адамның ажырамас құқықтары мен бостандықтарын белгілей отырып, сөз бен көзқарас бостандығы, бейбіт жиналыстар мен ассоциациялар

еркіндігі, мемлекет басқаруға қатысу сияқты құқықтарды құрайды. Адам мен азаматтың негізгі саяси құқықтары мен бостандықтарының орындалуы ұлттық құқық нормаларының көмегімен жүзеге асады. Демократиялық мемлекетте саяси құқықтар мен бостандықтар қоғамдық санамен негізгі адамзаттық құндылықтардың бірі болып саналады. Саяси құқықтар мен бостандықтар институтын азаматтарды саяси салаға, мемлекеттік шешімдерді қабылдау мен орындау саласына енгізуді заңи қамтамасыз ететін азаматтардың мемлекет істеріне қатысу құқығынан бастаған жөн. Бұл құқық азаматтарды белсенді саяси қызметке ынталандыратын қоғамның барлық саяси жүйесінің демократиялық құрылымымен кепілденеді [3].

Азаматтардың мемлекет істеріне қатысуы олардың сайлауларда, референдумда ерік білдіру, сонымен қатар заңшығарушы, атқарушы және сот билігі органдарының қызметіне тікелей қатысу арқылы жүзеге асады. Осы маңызды саяси құқықтың кепілі мен орындалу формасына келесідей құқықтар жатады, сайлау және сайлану құқығы, референдумға қатысу құқығы, жариялық функциялар мен қызметтерге ие болуға теңдік құқығы. Осыдан мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысу құқығы мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынастардың негізгі қағидасы болуымен қатар, азаматтардың маңызды құқықтарының бірі деген қорытындыға келеміз. Сайлау құқығы - халықтың саяси процестерге қатысуы мен ерік білдірудің басты формасы ретінде маңызды демократиялық институт. Мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ісіне азаматтардың жеке немесе олардың сайлаған өкілдері арқылы қатысуы халықтық билік қағидасын жүзеге асыру формасы мен халықтың егемендігін білдіру болып табылады. Сайлау құқығы - мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқаруды, құқықтық жүйені толығымен дамытудың қажетті элементі. Сайлау құқығына кепіл беруге ұмтыла отырып, қазіргі демократиялық мемлекеттер бұрынғы ценздерден бас тартты (мүліктік, жыныс қағидасы бойынша, т.б.). Біздің білетіміздей, кеңестік қоғамдағы тоталитарлық режим жағдайында ұлттық және санаттық белгілер бойынша сайлау құқықтарында шектеулер болды. Саяси құқықтарды қолданудағы қатаң тәртіп авторитарлық биліктің мемлекеттік істерді шешуде тәжірибесі бар қоғам мүшелері жағынан бақылаудың кез келген түрінен босатылу құштарлығынан шықты.

Саяси құқықтың келесідей элементтері бар: 1) сайлау құқығы (сайлау мен референдумда еркін және жауапты ерік білдіру); 2) мемлекеттік билік органдарына сайлану құқығы; 3) сенімін ақтамаған сайланған тұлғаларды сайлаушылармен кері қайтару. Сонымен қатар қазіргі конституциялар мен сайлау заңнамалары сайлау мен сайлану құқығын иелену үшін қажетті минималды талаптарды белгілейді. Азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтарының арасында сөз бостандығы ерекше орын алады және адамның ең маңызды конституциялық құқықтар қатарына жатады. Француз идеологы Вольтер «... өз ойын айту еркіндігінсіз адамның ешқандай бостандықтары жоқ» деген [4].

Саналық плюрализм, яғни саяси, экономикалық және өзге де ойлардың байлығы мен түрлілігі қоғамның саяси өміріне фундаменталды демократиялық қағидалардың енгізілуіне көмектеседі. Сәйкесінше, ой мен сөз бостандығы, маңызды азаматтық мәселелер бойынша жария сөздерінің еркіндігі сияқты, демократиялық толеранттық қоғамның өмір сүру формасы болып табылады. Революцияға дейінгі орыс заңгері Е.Н.Тарновский «жеке тұлға бостандығы ең алдымен сөз және басылым бостандығымен көрінеді» деп айтқан [5].

Қоғам өзін нақты бір ойды білдіре алмай және ешқашан зияткерлік бірлікті құрмағандықтан, оның әрбір мүшесі өзінің жекелігін, белгілі бір мәселелерге қатысты түсінігін сақтап қалады. Сөз бостандығы бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше күрделі элементтерден тұрады. Біріншіден, бұл әрбір адамның өз ойын, көзқарастарын жария түрде білдіру және барлық заңи тәсілдермен оларды тарату. Екіншіден, бұл баспасөз бен өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығы және ой білдіру еркіндігін жүзеге асыратын ақпарат органдарын құру және қолдану. Үшіншіден, азамат құқықтарына байланысты немесе қоғамдық маңыздылығы бар ақпарат алу құқығы, яғни ақпарат көздерін ашық қолдану.

Қазіргі конституциялардың көбінде цензураға тыйым салынса да, сөз бостандығын абсолютті және шексіз деп айта алмаймыз. Мемлекеттік билікті күштеп құлатуға шақыру, мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге құпияларды жариялау, қылмысқа тарту, ұлттық, діни және өзге де белгілер бойынша жанжалдар туғызу, өзге тұлғаларды балағаттау, қоғамдық моральға қол сұғу мақсатында сөз бостандығына тыйым салынады. Өзге сөзбен, сөз бостандығын

қолдану ерекше міндеттер мен жауапкершілік туғызады және қарастырылып отырған құқықты теріс мақсатта қолдануды жоюға бағытталған нақты заңи шектеулермен байланыстырады. Қазіргі конституциялардың көпшілігі жиналыстар, митингтер және демонстрациялар, т.б. өткізу бостандығы сияқты азаматтардың саяси белсенділік формасын бекітеді. Бұл демократиялық институттар қоғамдық және мемлекеттік өмірдің кез келген сұрақтары бойынша ұжымдық немесе жеке көзқарас білдірудің жария түрі болып саналады. Берілген саяси бостандықтармен азаматтар жеке тұлғасының дамуы, өзін-өзі қанағаттандыру, өзін-өзі көрсету мақсатында және қоғамдық саяси өмірде белсенді қатысуы үшін қолданады.

Қарастырылған бостандықтардың құқықтық мазмұны үш түрлі құқық әрекеттілікті құрайды: жеке ұнамды әрекеттерге (жария шаралар ұйымдастыру және оларға қатысу) құқық, талап ету құқығы (бұқаралық жария шараларын өткізу үшін қажетті материалдық заттарды, яғни қоғамдық ғимараттар, көшелер, т.б. ұсыну), тарту құқығы (қажет жағдайда мемлекеттік күштеу мен мемлекеттік қорғау көмегін қолдануға заңи мүмкіндік) [6].

Жиналыстар, митингтер, демонстрациялар өткізу бостандығын жүзеге асыру үшін жария шараларды өткізудің тәртібі енгізіледі. Ұйымдастырушылар болатын шара туралы мемлекеттік билік органдарын хабардар етеді және соңғылары өткізілетін шараның мақсаттары мен жағдайлары қоғамдық тәртіпке қауіп төндірген жағдайда ғана бұқаралық шараның өткізілуіне шектеу қоя алады. Заңда жариялық шаралар заңсыз деп танылуы үшін қатаң шектеу тізімі бекітілген. Жариялық шараларды өткізу мақсаты Конституция мен ағымды заңнамаларға қарсы келмеуі тиіс. Мысалы, ҚР заңнамасы бойынша, жариялық шаралар билік органдары өкілдерінің талабымен келесідей жағдайларда шектеле алады:

- 1) жариялық шараның өткізілуі туралы арыз берілмеген болса;
- 2) оған тыйым салу туралы шешім шығарылса;
- 3) оның өткізілуінің тәртібі бұзылса;
- 4) азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе;
- 5) қоғамдық тәртіп бұзылса.

Көптеген мемлекеттерде жариялық шараларды «қоғамдық жолдарда», яғни қалалық көлік қызмет жерлерінде өткізуге жол бермейді. Қазақстандық заңнама жариялық шараларды өткізу мен ұйымдастырудың бекітілген тәртібі

бұзылған жағдайда қылмыстық және әкімшілік санкциялар белгілейді. Өзге саяси құқықтар мен бостандықтар қатарында қоғамдық ұйымдарға бірігу құқығы жеке тұлғаның қоғамдық саяси өмірде қатысуын қамтамасыз етеді. Одақтар мен ассоциациялар бостандығы атымен белгілі бұл құқық заң талабының шегінде кез келген одақ құру құқығын белгілейді. Қоғамдық бірлестіктер ортақ мақсаттарға жету мақсатында біріккен азаматтардың ерік білдіру нәтижесінде құрылады. Жалпы, бұл құқық қоғамдық бірлестіктер қызметінің еркіндігі мен құқықтық теңдігі қағидасын белгілейді. Ортақ тәртіп бойынша, заң тіркеуге жататын бірлестіктердің түрін, тіркеу тәртібін, сонымен қатар қоғамдық бірлестіктерге бақылау түрлерін анықтайды.

Азаматтардың бірлестіктері олардың мұқтаж-дықтарын қанағаттандыру мен қорғауға бағыт-талады. ҚР заңнамасы қоғамдық ұйым, қоғам-дық қозғалыс, қоғамдық қор, қоғамдық мекеме, қоғамдық өздігінен әрекет ету органы тәрізді ұйымдастырулы құқықтық түрдегі қоғамдық бірлестіктер құру құқығын бекітеді. Азамат-тардың саяси белсенділігін айқындайтын негізгі қайнар көздер ретінде саяси партиялар, кәсіптік одақтар, әйелдер және жастар ұйымдары, шығармашылық, кәсіпкерлік және өзге де одақ-тар жатады. Бірігу құқығы тек қана заңмен нақты белгіленген жағдайларда шектеледі. Конституциялар мен заңдарда бұл құқық құпия одақтар, әскери ұйымдар мен қоғамға қарсы мақсаттардағы бірлестіктерге тыйым салу түрінде шектеледі.

Саяси құқықтар қатарында жолдану құқығы немесе петициялар құқығын атап өткен жөн. Мемлекеттік және өзін-өзі басқару органдарына жіберілетін азаматтардың петициялары бұзыл-ған құқықты орнатумен қатар, жариялық істерді шешудегі саяси қатысу түрін белгілейді. Бұл құқықтың жүзеге асырылуы мемлекеттік және қоғамдық сипаттағы сұрақтарды шешудегі аза-маттардың жеке қызығушылығы мен инициа-тивасының дамуын көздейді. Әдеттегідей, жаз-баша арыздарды қарау мен ұсыну тәртібі, соны-мен қатар олар бойынша шешім шығару заңмен жүргізіледі [7]. Бұл құқықтың маңызы мем-лекеттік құзыретті органдарға азаматтардың жеке және ұжымдық жолдамалар жіберу мүм-кіндігі. Арыз түріндегі жолдаулар биліктің құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздігі нәтижесінде азаматтың субъективті құқықта-рына келтірілген бұзушылықтарды жоюға ба-ғытталады. Сондықтан қарастырылып отырған құқыққа сәйкес лауазымды тұлғалардың бел-гіленген тәртіп пен уақыт ішінде петициялар

бойынша заңды және негізгі шешімдер қабылдау міндетті. Ұсыныс пен арыз пәніне қоғамдық қызығушылық, саяси немесе өзге істерді мемлекеттік органмен бағалауды талап ету кіреді.

Әлеуметтік, экономикалық құқықтар (мәдени құқықтармен қатар) адам құқықтарының үшінші деңгейіне жатады. Олар жеке тұлғаның әлеуметтік экономикалық өмір деңгейін нормативтік бекітуге қатысты, адамдар қорқыныш сезімі мен мұқтаждықтан босатылатын жағдайлар жасау мақсатымен адамның еңбек пен тұрмыс, әлеуметтік қорғануы, бір нәрсемен шұғылдану және ауқаттылық саласында орнын анықтайды. Олардың көлемі мен жүзеге асу деңгейі экономика мен ресурстардың қалпымен байланысты, сондықтан бірінші деңгейдегі саяси және азаматтық құқықтарға қарағанда олардың орындалуы көп дамымаған.

Адамның өзге құқықтарымен салыстырсақ, әлеуметтік экономикалық құқықтардың келесідей ерекшеліктері бар [8]:

1) адамның нақты әлеуметтік экономикалық өмір саласына таралуы;

2) базалық жағдайлардың ұсыныстық, «қатаң емес» құрылымдарына жол берілу (мысалы, «лайықты өмір», «әділ және қолайлы еңбек жағдайлары», «қанағаттанарлық өмір сүру»);

3) әлеуметтік экономикалық құқықтардың жүзеге асырылуы экономика мен ресурстардан тәуелділігі.

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактінің 2-бабына сәйкес, бұл құқықтар сатылап және «қолдағы ресурстардың максималды шегінде» қамтамасыз етілуі тиіс. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың қорғалуы мен халықаралық құқықтық регламентациясы 1948 жылы басталды. Ол уақытқа дейін меншік пен еңбек құқықтары азаматтық құқықтармен біріктірілді. Бірақ олардың танылуында күні бүгінге дейін қиыншылықтар бар. Мысалы, Еуропа кеңесімен қабылданған 1961 жылғы Еуропалық әлеуметтік Хартия барлық мемлекеттермен әлі де ратификацияланған жоқ.

Қазіргі күні жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтауда әлеуметтік-экономикалық құқықтардың маңыздылығы сөзсіз. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактіге сәйкес, «әрбір адам өзінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарымен өзінің саяси және азаматтық құқықтарымен теңдей қолдана алатын жағдайлар жасалғанда ғана, қорқыныш пен мұқтаждықтан босатылған, еркін жеке тұлғаның үлгісі бола алады». Бұл көзқарасты БҰҰ Бас Ассамблеясы «экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және

саяси құқықтардың ажырамастығын» жариялай отырып (1986 жылғы 4 желтоқсандағы резолюциясы) қолдады.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғау саласындағы мемлекеттің міндеті - белсенді экономикалық және әлеуметтік реформалар орындау, экономикалық даму процесінде өз халқының толық қатысуын қамтамасыз ету, берілген құқықтарды қолданудағы теңдей мүмкіндіктер беру үшін өз ресурстарын қолдану. 1974 жылғы 12 желтоқсандағы мемлекеттердің экономикалық құқықтар мен міндеттері туралы Хартияның 7-бабына сәйкес, әрбір мемлекет өз халқының экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының ықпалдастығы үшін жауапкершілік тартады. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтарды құқықтық реттеудің қайнар көздері арасында халықаралық құқықтық нормалар басты орын алады. БҰҰ Жарғысының жалпы қағидаларында (1, 13, 55, 56, 62, 68-баптар), адам құқықтары бойынша жалпыға ортақ Декларациясының бағдарламалық баптарында (22-27 баптар), экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт нормаларында, Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) конвенциялық стандарттарында әмбебап нормалар бар. Осы салада ХЕҰ 170-тен астам конвенция қабылдады. Олардың ең маңыздылары - «Күштеуші еңбек туралы» (1930 ж.), «Әділ марапаттар туралы» (1951 ж.), «Еңбекпен қамту саласындағы дискриминация туралы» (1958 ж.), «Отбасылық міндеттері бар еңбекшілер туралы» (1981 ж.), «Жұмыссыздықтан қорғау мен еңбекпен қамтылуға ықпалдасу туралы» (1988 ж.), т.б.

Әлеуметтік-экономикалық құқықтарды реттейтін қайнар көздердің келесі тобын аймақтық келісімдердегі нормалар құрайды (Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Еуропа конвенциясы, Еуропалық әлеуметтік Хартия, т.б.). Үшінші маңызды топ мемлекеттердің ұлттық заңнамасында бекітілген әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғау мен жүзеге асыру кепілдіктерімен байланысты. Экономикалық құқықтар адамға шаруашылық қызметтің негізгі факторларымен еркін қолдануды қамтамасыз етеді. Олар: еңбек ету құқығы, мүлікке иелену құқығы, кәсіпкерлік құқығы, т.б. Сонымен қатар жұмысшылар мен жұмыс берушілер ұжымдық шарттар жасауға, өз қызығушылықтарын қорғау үшін халықаралық немесе ұлттық ұйымдарға еркін бірігу құқықтарына ие.

Экономикалық құқықтардың жиынында еңбек ету құқығы басты орын алады. Еңбек ету құқығы әрбір адамның өзінің еркін таңдауы

немесе еркін келісімі арқылы өз өміріне еңбекпен ақы табу мүмкіндігін қарастырады (Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің 6-бабы). Бұл құқық адамның өмір сүруіне жай материалдық құндылықтарды, адамның үнемі қызмет ететін қажеттіліктерін, сонымен қатар жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін жағдайлар жасауды білдіреді [9]. Еңбек ету мен жұмыссыздықтан қорғану құқығы Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясының 23-бабында белгіленген.

Азаматтардың еркін еңбек ету конституциялық құқығы бұл:

1) еркін және жеке жұмыс істеуді немесе істемеуді таңдау мүмкіндігі;

2) қызмет немесе мамандық түрін таңдау еркіндігі, заңи көзқарастан бұл әкімшіліктің сәйкесінше ұйғарымынан кейін жұмыс орнын ауыстыру құқығында, белгіленген зейнетақылық жастан кейін еңбек ету құқығы, еңбектік міндеттердің шарттық сипаттамасында білінеді;

3) күштеп еңбек етуге тыйым салу.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің 8-бабына сәйкес, күштеп еңбектену - бұл азаматтың еріксіз таңдаған еңбегі. Күштеу (еріксіз) еңбегіне тек әскери қызмет міндеттеріне, сот шешімі немесе төтенше жағдайларында жол беріледі («Күштеу немесе міндетті еңбек туралы» ХЕҰ-ның 1930 жылғы Конвенциясы). Бұл қағида әлі де дамып, ХЕҰ 1991 жылғы «Жұмыссыздықтан қорғау мен жұмыспен қамтылуда көмектесу туралы» № 168 Конвенциясында тағы да бекітілді. Бұл Конвенцияға сәйкес, жұмысқа қабылдаудан бас тарту тек бос орын болмағанда немесе талапкердің жеткіліксіз біліктілігіне байланысты бола алады. Негізсіз жұмыстан босатылу заңсыз болып есептеледі және қажетті жағдайларда жұмысшылар сот шешімі бойынша бұрынғы қызметіне қайта орналастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар мемлекет өз азаматтарын қорғау мақсатында мамандандырылған техникалық оқыту, экономикалық өсу мен толық өндірістік қамтылуды дамыту бойынша шаралар жүргізуге міндетті (Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің 6-бабы). Еңбек бостандығы әрбір тұлғаның әділ және қолайлы еңбек жағдайларына иелену құқығын қосады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің 7-бабында бекітілген бұл құқық келесідей аспектілерден құралады:

1) Еңбек үшін марапат барлық жұмысшыларды әділ еңбек ақысымен және олардың жанұясын қанағаттандыратын өмір жағдайын қамтамасыз етеді, еңбекақы бірдей еңбек көлемі

үшін бәріне ешқандай айырмашылықсыз теңдей төленеді.

2) Еңбек жағдайы қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай болу қажет.

3) Барлық тұлғалар тек еңбек тәжірибесі мен біліктілік негізінде сәйкесінше жоғары деңгейге көтерілуіне бірдей мүмкіндіктерге ие болулары қажет.

4) Барлық жұмысшылар демалыс, жұмыс уақытының саналы шегіне, кезекті ақылы демалыс пен мейрам күндері үшін ақыға иеленуге құқылы.

5) Еңбек меншік құқығының пайда болу негіздерінің бірі болып табылады.

Мүлікке және жерге жеке меншік құқығы адам құқықтары мен бостандықтарының маңызды бөлшегі және қазақстандық заңнама жүйесімен қорғалады. Бұл саладағы өзгертулер мен толықтырулар тек заңмен ғана енгізіледі. Азамат, халықаралық және ұлттық заңнамаға сәйкес, мемлекет пен қоғамдық қауіпсіздікке байланысты иелене алмайтын мүліктен басқа, өндірістік, мәдени және өзге сипаттағы кез келген мүлікті меншіктеуге құқылы.

Әлеуметтік құқықтар адамға сәйкесінше өмір деңгейі мен әлеуметтік қорғанысты қамтамасыз етеді. Маңыздыларының біріне әлеуметтік қамсыздану, әлеуметтік сақтандыру, зейнет ақымен қамтылу және медициналық қызмет құқығы жатады. Әлеуметтік қамсыздану (жас бойынша, науқас, мүгедектік, асыраушысынан айырылу жағдайларында, балаларды тәрбиелеу мен заңда бекітілген өзге жағдайлар) құқығының мазмұны объективті себептер негізінде еңбектен пайда табу немесе еңбектену құқығынан айырылған азаматтарға мемлекет жеткілікті қаражат ұсынуға, сонымен қатар нәресте мен балаларды тәрбиелеуге байланысты жанұяларға көмек көрсетуге міндетті. Құқықтардың бұл жиыны адам құқықтары жөнінде жалпыға ортақ декларацияның 22 мен 25-баптарында, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің 9-12 баптарында және бала құқықтары туралы Конвенцияның 26-бабында көрініс тапқан. Бұл құқықтың жүзеге асырылуы өзге құқықтардың орындалуымен байланысты. Олардың қатарына қанағаттанарлық өмір деңгейі, жанұяны, ананы және баланы қорғау мен оларға көмектесу, психикалық және физикалық денсаулықтың ең жоғарғы деңгейін иелену құқықтары. Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясына сәйкес, «Әрбір адам өзінің және жанұясының жағдайы мен денсаулығын сақтауға қажетті тағам, киім-кешек, тұрғын үй, медициналық күтім мен әлеуметтік қызметі бар өмір дең-

гейіне, сонымен қатар жұмыссыздық, науқастану, жесір, қартаю немесе өзге де адамның өзіне байланыссыз себептерге қатысты әлеуметтік қамтылуға құқылы» (25-бап).

Әлеуметтік қорғану құқығының жүзеге асырылу кепіліне ХЕҰ қабылдаған халықаралық конвенциялар мен ұсыныстар қатары жатады. «Әлеуметтік қамсыздандудың ең төменгі нормалары туралы» № 102 Конвенциясы мемлекетті тоғыз түрлі төлем ақылар төлеуге міндеттейді. Олар - ем және профилактикалық сипаттағы медициналық көмек, науқастану себебімен уақытша жоғалған еңбек қабілеттілігін қайта орнату үшін жұмыссыздық, қартаю, бала көтеру, мүгедектік және асыраушысын жоғалтқан жағдайлар. «Әлеуметтік қамсыздану саласындағы теңдік туралы» № 118 Конвенциясы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар құқықтарын азаматтар құқықтарымен теңестіру қағидасын бекітеді. Жанұяларды, аналар мен балаларды қорғау мен оларға көмектесу құқығы отбасына түрлі әлеуметтік көмек көрсету формаларын қарастырады. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактінің 10-бабына сәйкес, бұл құқық қатарына отбасыларға көмек пен қорғанышты ұсыну, аналықты қорғаудың арнайы шаралары, балалар мен кәмелетке толмағандарды ерекше қорғау мен көмек, баланың дамуы мен денсаулығына зақым келтіретін бала еңбегіне тыйым салу жатады. Адам құқықтары туралы жалпыға ортақ Декларацияның 25-бабы бойынша, некеде және некеден тыс туылған барлық балалар теңдей әлеуметтік қорғаныш иеленулері тиіс. Аналар мен балалар, кәмелетке толмағандарды қорғау қағидасының ерекше аспектілері ХЕҰ-ның бірқатар конвенцияларында нақтыланған. 1956 жылы 6 маусымда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарғысымен ратификацияланған «Аналарды қорғау туралы» № 103 ХЕҰ Конвенциясы әйел адамдарға бала көтеру уақытында 12 аптадан кем емес демалыс көздейді, оның кем дегенде 6 аптасы бала босанғаннан кейін ұсынылады. Бала көтеру мен босану уақытында әйелді жұмыстан шығару қаулысы заңсыз деп есептеледі. «Әлеуметтік қамсыздандыру саясатының нормалары мен негізгі мақсаттары туралы» ХЕҰ-ның №117 және жұмысқа қабылдаудың ең төменгі жасына байланысты өзге де Конвенцияларда (№ 10, 15, 58, 59, 60, 112, 123, 137) жас тұлғаларды жұмысқа қабылдаудың тиісті жасы белгіленген. Ауыл шаруашылығы - 14 жас, ал өзге жағдайларда 15 жасты құрайды. «Өндірістегі жастағы түнгі еңбегі туралы» ХЕҰ № 90 Конвенциясына сәйкес, мұндай жұмыс

түрлеріне 18 жасқа толмаған балаларды қабылдауға болмайды.

Адамның еркін дамуы мен дәрежелі өмір деңгейін қамтамасыз ететін талаптар қалыпты өмір деңгейі, психикалық және физикалық денсаулыққа иелену құқығында белгіленген. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің 11-бабына сәйкес, әрбір адам жеткілікті азық-түлік, тұрғын үй және киім-кешекпен қамтылуы керек, ал оның өмір деңгейі үнемі жақсарып тұру керек. Пакт «әрбір адамның аштыққа кезікпеу туралы негізгі құқығын» нақтылай отырып, мемлекеттерді азық-түлік тағамдарын бөлу мен өндіріс тәсілдерін жақсарту және табиғи ресурстарды нәтижелі қолдану үшін қажетті шараларды қабылдауға міндеттейді. «Әлеуметтік саясаттың негізгі нормалары мен мақсаттары туралы» ХЕҰ-ның № 117 Конвенциясы бойынша өмір сүрудің төменгі шегін анықтау кезінде жұмысшы отбасыларының азық-түлік тағамдары мен олардың майлы құндылығы, тұрғын үй, киім-кешек, медициналық қызмет көрсету мен білім тәрізді негізгі қажеттіліктері есепке алынады.

Жеткілікті өмір сүру деңгейі мен өмір сүру жағдайын жақсарту құқығына ең жоғарғы психикалық және физикалық денсаулық деңгейіне иелену құқығы да кіреді. Бұл құқықтар экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пактінің 12-бабына сәйкес, келесідей жолдармен жүзеге асырылады: балалық өлім мен тумысынан өлімді қысқарту, гигиенаның барлық аспектілері мен эпидемиялық, кәсіптік және өзге де ауру түрлерін емдеу және олармен күресу, бәріне медициналық көмек пен науқастану кезінде медициналық күтімді қамтамасыз ететін жағдайлар жасау. Жеткілікті өмір деңгейін қамтамасыз етудің келесі аспектісіне тұрғын үй құқығы жатады. ҚР Конституциясы тұрғын үй құқығын тұрақты үймен қамтылу, сонымен қатар азаматтар иеленген тұрғын үймен еркін заңи қолдану мүмкіндігі, қол сұқпаушылық, тұрғын үйден заңсыз айырылуға жол бермеу және өзге үйді иелену жолымен үй тұрмысын жақсарту мүмкіндіктерінің заңи кепілі ретінде анықтайды.

Ұлттық заңнама азаматтар денсаулығын сақтаудың негізгі қағидаларын белгілейді: денсаулық сақтау саласында адам мен азаматтың құқықтарының сақталуы; профилактикалық шаралар басымдылығы; медициналық-әлеуметтік көмектің ашықтығы; денсаулығын жоғалту жағдайында азаматтардың әлеуметтік қорғалуы; денсаулық сақтау саласында адам құқықтарының сақталмауы, адам өмірі мен денсаулығына

қауіп төндіретін жағдайлар мен фактілердің жасырылғаны үшін меншік түріне тәуелсіз ұйым, құрылым, басқарма, мекеме, қызметті тұлғалар және мемлекеттік билік органдарының жауапкершілігі. Мемлекет өз азаматтарын наукастану кезінде дискриминацияның барлық түрлерінен қорғайды.

Адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын сақтау мен БҰҰ-ның мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін (олардың арасында өмір деңгейін көтеру, әлеуметтік және экономикалық прогресс пен даму талаптары, әлеуметтік, экономикалық, денсаулық сақтау салаларында халықаралық мәселелерді шешу және адам құқықтарын құрметтеу мен қорғалу салаларында ықпалдасу) Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес (ЭКОСОС) құрылып, жұмыс істеуде. ЭКОСОС – әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қорғау саласындағы басты бақылаушы инстанция және БҰҰ мен оның арнайыландырылған құрылымдарының экономикалық және әлеуметтік қызметінің негізгі координаторы [10]. ЭКОСОС БҰҰ Жарғысына сәйкес (61-72 баптар) экономикалық және әлеуметтік өмір, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, т.б. салаларында халықаралық мәселелер бойынша зерттеулер жүргізіп, баяндамалар жасауға, сәйкесінше сұрақтар бойынша конвенциялардың жобаларын дайындау, оның құзыреттілігіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық конференциялар өткізуге өкілетті. Бұл құқықтар тобын қорғау саласындағы халықаралық бақылау азаматтық және саяси құқықтарды қорғауға қарағанда маңызы кем. Ол жеке тұлғалардың арыздарын беру мүмкіндігін қарастырмайды. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пактіге сәйкес (16-25 баптар), мемлекеттер БҰҰ-ның Бас хатшылығына Пакт баптарын жүзеге асыру мақсатында қабылдаған шаралары мен әлеуметтік-экономикалық саладағы жеткен жетістіктері туралы баяндамалар беруге міндетті, ал Хатшылық өз алдына бұл баяндамаларды осы салада қызмет ететін құрылымдар мен ЭКОСОС-тың қарауына жібереді. Мұндай үрдіс азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын орындалуын бақылайтын жалғыз әрекет. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтардың орындалуын бақылау осы құқықтар даму уақытының аздығына, берілген мәселелер бойынша халықаралық құқықтық нормалардағы негізгі кепілдіктер мен дефинициялардың толығымен анықталмауына, осы саладағы мемлекеттер өздеріне жүктеген

міндеттемелердің нақтыланбауына байланысты қиыншылықтармен кезікті.

Жоғарыда айтылғанды қорытындылайтын болсақ, соңғы уақытта адамның негізгі экономикалық және әлеуметтік құқықтары саласында мемлекеттердің өз міндеттемелерін орындауын бақылайтын халықаралық органдардың қызметінің белсенділігі артты. Азшылықты қорғау мен дискриминацияның алдын алу бойынша комиссиялардың шегінде тамақтану құқығы, кеділікпен күресу мәселелері, тұрғын үй құқығының орындалуына ықпалдасу мәселелері бойынша арнайы баяндамалар дайындау ұйымдас-тырылды. 1985 жылы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар бойынша ЭКОСОС комитеті құрылды. Ал оның негізгі қызметі 1987 жылы басталды. Комитет мемлекеттердің баяндамаларын қарастырып, олар бойынша ортақ қорытындылар шығаруға және ЭКОСОС-қа хабарлауға өкілетті жеке бақылаушы орган болып табылды. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар, бір жағынан, халықтың сәйкесінше белсенділігін, оның нарықтық еркіндігін қамтамасыз етсе, екінші жағынан, мүмкін тәуекелдерден сақтайды. Экономикалық теңдік пен бостандықтың құндылығы әлеуметтік әділдік, интеграция, мемлекет пен азамат арасында өзара жауапкершілік құндылықтарымен қатар, адамның ажырамас құқықтары мен бостандықтарының бірыңғай жүйесінде көпшілікпен танылады және бекітіледі. Әлеуметтік-экономикалық құқықтардың орындалу кепілдіктері құқықтық мемлекеттің оның демократиялық және әлеуметтік формасындағы тұрақты өмір сүруінің маңызды бастамасы болып табылады.

1. Международные акты о правах человека: Сб. документов / составители и авторы вступительной статьи В.А. Карташкин и Е.А. Лукашева. - М., 2008. - 17-б.

2. Сман А. Конституционно-правовые основы политических прав и свобод граждан Республики Казахстан: Автореферат на соиск. к.ю.н. – Алматы, 2002. – 12-б.

3. Сабитова А. Права человека // Мысль. – 2001, №1. – 29-30 бб.

4. Вольтер. Избранные произведения. - М., 1938. – 327-б.

5. Тарновский Е.В. Четыре свободы. - СПб., 1995. – 182-б.

6. Международное публичное право: учебник / под ред. К.А.Бекяшева. - М., 2008. – С. 241.

7. Права человека в истории человечества и в современном мире / под ред. Е.А.Лукашевой. - М., 1998. – 65 б.

8. Гордон Л.А. Социально-экономические права человека: своеобразие, особенности, значение для России // Общественные науки и современность. - М., 2007, № 3. - 11 б.

9. Темирова Н.М. Адам құқықтарының халықаралық және ұлттық аспектілері // «Шәкәрім дәрістері» 3-ші республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Семей 2002. – 19-б.

10. Общая теория прав человека / под ред. Е.А. Лукашевой. – М.: Норма, 2002. – 34-б.

* * *

В статье рассматриваются теоретико-правовые и практико-правовые вопросы закрепления политических,

экономических и социальных прав человека с точки зрения норм международного права.

* * *

In article theoretical-legal and practical-legal questions of fastening of political, economic and social human rights from the point of view of norms of international law are considered.